Бекітемін
«Облыстық қан орталығы» КМК
директоры
_____ С. Амиркулова
«21» 01 2026 ж.

Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» КМК ақпараттық саясат туралы ережесі

Қарағанды қ., 2026 жыл

1. Жалпы ереже

1. Осы Ереже «Облыстық қан орталығы» КМК (бұдан әрі - ОҚО) ақпараттық саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Кәсіпорын жарғысына сәйкес әзірленді.
2. Саясат «ОҚО» КМК ақпаратты ашудың және ақпаратты қорғаудың негізгі қағидаттары мен жалпы талаптарын анықтайды.
3. Саясаттың мақсаты - барлық мүдделі тұлғаларға олардың инвестициялық шешімдерді қабылдауы үшін қажет көлемде ақпараттық ашықтық пен айқындылықты арттыру болып табылады.
4. Ақпараттық саясат Кәсіпорын қызметінің нәтижелілігін арттыруға, оның активтері құнының өсуіне, инвестициялар тарту мен жағымды имидж қалыптастыруға ықпал етуі қажет.
5. ОҚО ақпараттық саясаты қағидаттары мүдделі тұлғалардың ақпараттың ашықтығы, айқындылығына қатысты сенімділігін қалыптастыруға бағытталған.
6. ОҚО ақпараттық саясаты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, нормативтік актілерінің, коммерциялық және қызметтік және өзге де заңмен қорғалатын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

2. Ақпараттарды ашу қағидаттары

1. ОҚО мүдделі тұлғалардың келесі ақпаратты ашу қағидаттарына сүйенеді:
1) ашылатын ақпараттың толықтығы мен шынайылығының кепілдігі;
2) қызметтегі маңызды фактілер туралы ақпаратты ашу жеделдігі;
3) кәсіпорын туралы ақпаратты ашудың жүйелілігі мен уақыттылылығы;
4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын, коммерциялық, қызметтік және өзге құпияларды жоғары деңгейде сақтауды қамтамасыз ету;
5) ОҚО ашықтығы мен оның коммерциялық мүдделерін сақтау арасында саналы баланс;
6) ақпаратты ашудағы жариялылық және таңдамаушылық;
7) ОҚО егер мұндай ақпарат маңызды болса, өзі туралы жағымсыз ақпараты ашудан жалтармайды.

3. Ақпаратты ашу тәсілдері

1. Ақпаратты ашу тәртібі Ақпарат алушыларға ақпаратты ашу мәселелерін реттейтін Қоғамның жеке ішкі құжатында анықталады.
2. ОҚО Ақпаратты ашуды келесі тәсілдер арқылы ақпаратты жаю жолымен жүзеге асырылады:

1) ақпараттарды веб-сайтта жариялау;
2) баспа өнімдерін шығару;
3) ОҚО қызметі туралы жыл сайынғы есепті веб-сайтта шығару және жариялау;
4) фото-бейне материалдарды тарату және орналастыру;
5) ақпараттарды қағаз тасымалдаушыларда тапсыру (қайта жіберу);
6) ақпараттарды БАҚ жариялау;
7) ОҚО өкілдерінің халық алдына шығып сөз сөйлеулерін БАҚ жариялау;
8) ОҚО өкілдері және өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен пресс-конференциялар, семинарлар және т.б. өткізу;
9) Республикалық БАҚ пресс-релиздерді шығару және жіберу;
10) жарнамалық, ақпараттық-имидждік полиграфиялық өнімдері тарату; (буклеттер, брошюралар, лифлеттер, жапсырмалар, ақпараттар және т..б.);
11) белгілі ақпараттар себептерге байланысты PR-акциялар және презентациялар өткізу;
3. ОҚО Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбайтын және осы Саясатта анықталған ақпараттарды ашу принциптеріне жауап беретін ақпараттарды ашу әдістерін пайдалануға құқылы.

4. Ақпаратты ашу тәртібі

1. ОҚО осы жарияланымның қажеттілігі туындау шарасы бойынша ақпаратты ашады.
2. ОҚО Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес ашылуға міндетті ақпараттарға Интернет желісінде еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді.
3. Кәсіпорынның жылдық есебінде келесі ақпараттар ашылады:
1) Қызметтің түйіндік нәтижелері;
2) ОҚО қызметтері мен міндеттерінің мақсаттары мен түрлері және оларды орындау нәтижелері;
3) ОҚО дамыту стратегиясы туралы ақпараттар;
4) Миссия;
5) Қызметтің приоритеттік бағыттары;
6) Мақсаттары мен міндеттері;
7) Кәсіпорынның бір жылдық қызметін, оның ішінде жоспарланған нәтижелерді қол жеткізгендермен салыстыру, сондай-ақ соңғы үш жылдағы динамиканы бағалау;
8) Маңызды оқиғалар туралы ақпараттар;
9) Болашақ кезеңге мақсаттар туралы ақпараттар;
10) Қатердің негізгі факторлары және қатерлерді басқару жүйесі туралы ақпараттар;
11) Жылдық қаржы есебі және аудиторлық қорытынды;

4. Корпоративтік веб-сайтта келесі ақпараттар ашылады:
1) Жылдық есептемелер;
2) Жалпы ақпараттар: миссия, негізгі міндеттер, қызметтің мақсаты мен түрлері, қызметкерлердің саны;
3) Даму стратегиясының публикалық нұсқасы;
4) Қызметтің приоритеттік бағыттары;
5) Жарғы, сондай-ақ Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;
6) Құрылымдық бөлімшенің қызметін реттейтін ішкі құжаттар;
7) Ішкі аудит қызметі туралы ереже;
8) Ұйымдық құрылым;
9) Қаржы-шаруашылық қызметінің талдау және бағалау;

5. Ақпаратты ашу тәртібі

1. ОҚО атынан публикалық сөз сөйлеу құқығына директор мен оның орынбасары ие. Кәсіпорынның өзге лауазымдық тұлғалары және қызметкерлері елде және шетел конференцияларда, жиналыстарда, семинарларда, министрлік мен ведомостволардың жұмыс органдарында, Қазақстан Республикасының атқарушы және заңнамалық өкіметінің органдарында отырыстарында публикалық сөз сөйлеуге құқылы, пресс-конференцияларда, брифингтер арқылы, қоғамдық іс-шараларға, телефон арқылы және бейне конференцияларға қатысуға, интервью беруге, БАҚ арналған комментарийлермен сөз сөйлеу.
2. ОҚО қызметі туралы кәсіпорын қызметкерлерінің публикалық сөз сөйлеу барысында ақпараттар ОҚО басшылығы алдын-ала мақұлдаған соң, өз лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру шеңберінде ұсынылады.

6. Қорытынды ережелер

1. Саясаттың талаптарының сақталуын бақылауды директор жүзеге асырады.

2. Осы Ереже 5 (бес) жыл бойы қолданылады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгерту нәтижесінде осы Ереженің жекелеген тармақтары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, бұл тармақтардың күші жойылады және осы Ережеге өзгерістер енгізілгенге дейін ОҚО Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

Әзірлеуші: **Бекмагамбетов Д.Т.**

Танысу мен оқытуды есепке алу парағы

Аты-жөні	Танысу және оқу күні	Қолы	Қайта оқыту күні	Қолы